Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университа

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы

1997 жылдан бастап шығады

TORAIGHYROV UNIVERSITY

ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия

Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 1 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269
выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

https://doi.org/10.48081/BGQF1823

Бас редакторы – главный редактор
Тулекова Г. М.
доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора — Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*
Ответственный секретарь — Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С., *д.п.н., профессор*
Бекмагамбетова Р. К., *д.п.н., профессор*
Самекин А. С., *доктор PhD, ассоц. профессор*
Син Куэн Фунг Кеннет, *д.п.н., профессор (Китай)*
Желвис Римантас, *д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)*
Авагян А. В., *д.п.н., ассоц. профессор (Армения)*
Томас Чех, *д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)*
Искакова З. С. *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

ҒТАМР 14.35.01

https://doi.org/10.48081/BGQF1846

К. Т. Куанжанова[1], А. К. Тогайбаева[2], Д. Ж. Рамазанова[3], Г. Е. Елеусинова[4], М. Н. Есенғұлова[5]

[1,2,3,4,5]Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4269-6838

[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2071-9536

[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8517-7072

[4]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5557-0639

[5]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2705-6541

*e-mail: kkt-87@mail.ru

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚЫТУШЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ КӘСІБИ БЕЙНЕСІ

Бұл мақала жоғары білім беру жүйесіндегі оқытушы тұлғасының кәсіби бейнесін талдауға арналған. Білім беру үдерісі тек білім мен ақпаратты жеткізу ғана емес, сонымен қатар шәкірттердің тұлғалық және кәсіби дамуына терең әсер ететін күрделі және көпқырлы процесс болып табылады. Оқытушының басты міндеті тек пәндік білім беру ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақтың руханиадамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, олардың әлемдік көзқарастарын кеңейту және ой-өрістерін дамытуды мақсат етеді.

Мақалада оқытушының кәсіби қасиеттері мен шеберлігінің студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуына әсері кеңінен қарастырылған. Оқытушының тұлғалық сапалары, оның қарым-қатынас дағдылары мен психологиялық жағдайлары білім беру үдерісіне тікелей ықпал етеді. Студенттермен сенімді, ашық, құрметті қарым-қатынас орнату, эмоционалдық тұрақтылық таныту оқытушының жұмысындағы негізгі аспектілер болып табылады. Сауалнамалар нәтижелері көрсеткендей, студенттер оқытушылардан тек кәсіби шеберлікті ғана емес, сондай-ақ эмоциялық тұрақтылықты, ашықтықты, қарым-қатынасты басқару дағдыларын да күтетіні анықталған. Бұл зерттеулер оқытушылардың тұлғалық және кәсіби даму деңгейін арттыру

қажеттілігін айқындайды. Қорытындылай келе, оқытушылардың тұлғалық және кәсіби дамуында өзін-өзі белсендіру мен үздіксіз даму жолында болу маңызды екендігі ерекше атап өтіледі. Мұндай дамуды қолдау мен ынталандыру студенттердің тұлғалық өсуіне әсер етіп, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Осылайша, оқытушының кәсіби бейнесі мен жеке қасиеттері білім сапасын арттырудың негізі болып табылады.

Кілтті сөздер: білім беру қызметі, білім беру субъектісі, оқытушы тұлғасы, тұлғалық-кәсіби қасиеттер, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану кезеңінде мемлекеттердің ғаламдық білім нарығына кірігуі, келешек кәсіби кадрларды даярлау сапасын арттыру мәселелерін алдыңғы қатарға шығарып отыр. Әлемнің жетекші мемлекеттері алдында қойылған бәсекеге қабілеттілік талаптары мен инновациялық даму модельдері бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымын қайта қарауды қажет етеді. Осы ретте, білім беру жүйесінің жоғары деңгейде интеграцияланған, әрі тиімді болуы үшін әлемдік білім кеңістігінде жан-жақты дамыған, өзгерістерге икемді, шығармашылыққа бейім, өздігінен шешім қабылдай алатын әлеуетті, зияткер ұлтты қалыптастыру өзекті болып табылады.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру процесінің негізгі субъектілерінің бірі – оқытушы. Заманауи педагогтың міндеті білім беруді ізгілендіру, студенттерді тәрбиелеу мен оқыту барысында олардың әлеуметтену процесіне үлкен мән беру болып табылады. Бұл тұрғыда оқытушының құзыреттілігі, шығармашылығы, сондай-ақ, тұлғалық және кәсіби қасиеттерінің дамуы білім беру сапасының артуына әсер етеді. Оқытушының кәсіби қызметіндегі бұл аспектілерді дамыту білім беру процесінің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Атап айтқанда, білім беру субъектілерінің ішінде оқытушының әлеуметтік рөлінің басымдылығы, оның тұлғалық-кәсіби қасиеттері мен белсенділігі жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып табылады. Ол студенттердің белсенділігі мен бастамасын арттыруды, өзіндік ерекшелігін айқындауды, жеке дамуын және шешім қабылдауда тәуелсіз болуын қалыптастыруды көздейді. Осылайша, білім беру сапасының өсуі мен нәтижелігін арттыру үшін білім беру жүйесінде жаңашылдықты енгізу, педагогтың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстардың маңызы зор.

Материалдар мен әдістер

Мұғалім мен тәрбиешінің тұлғасына қатысты көзқарастар Ежелгі Қытай философиясының негізін қалаушы Конфуцийдің ілімінде маңызды орын алады. Конфуцийдің пайымдауынша, ұстаз болудың талаптары өте жоғары, және оны жүзеге асыру үшін бірқатар қасиеттерге ие болу қажет. Атап айтқанда, ұстаз: өзіндік ұстаздық деңгейіне жетуі тиіс; ұстаздыққа лайықты және биязы болуы керек; ұстаздыққа табиғи бейімділік танытуы маңызды; адамдармен тиімді қарым-қатынас орната білуі тиіс; өз өсиетіне берік болып, уәдесінде тұруы қажет; ұстаздық даралығы мен тәуелсіздігін көрсетуі тиіс; мінез-құлқы ұстамды болуы және ниетінің адалдығын сақтауы керек; ұстаздық жұмыста мейірімділік пен талғампаздық танытуы тиіс; ақылды оқушыларды айқындап, талантты дамытуда көмек көрсетуі қажет; сенімді және құрметтеуші болуы, төзімділік танытуы керек; қарым-қатынастағы тартымдылық пен ықылас көрсетулері маңызды.

Конфуцийдің ілімі бойынша, адамның қоғамдағы орны мен рөлі тек әлеуметтік қатынастар арқылы ғана анықталады. Оның пікірінше, адамның табиғаты табиғи түрде дамып, адам өмірінің мәні қоғамда және басқа адамдармен өзара қарым-қатынастарда айқындалады. Мұғалімнің басты міндеті – осы әлеуметтік ортаны дұрыс бағыттай отырып, шәкірттерді тәрбиелеу. Осы орайда «тәрбиешінің өзін-өзі тануы» қажеттілігі де айқын көрінеді. Ұстаз тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші ретінде де маңызды рөл атқарады [1, 86-б.] десе, Ал Аристотель ұстазды өнерпаздардан іскерлік тұрғысынан емес, жасалатын әрекеттердің себеп-салдарлық мәнін түсінетін адам ретінде бағалайды. Ол ұстаздың даналығын осы себеп-салдарлы көзқарастан іздеген [1, 348-360-б.]. Цицерон ұстаздың шәкірттеріне қаталдық пен әділдік танытуы керек екенін айтып, ұстаздың тәрбиелік рөлін ерекше атап көрсетеді [1, 386-387-б.] дейді. Бұл тұжырымдар түркі ғұламаларының педагогикалық мұраларында одан әрі дамып, қазіргі психология мен педагогика ғылымдарының негізін қалап отыр.

Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала басшысының қасиеттері туралы» еңбегінде қайырымды қаланың басшысы болу үшін он екі қасиеттің жиынтығы қажет екенін айтып, бұл қасиеттердің ұстазда да болуы тиіс екенін көрсетеді. Оның пайымдауынша, ұстаз әділдік, талап қоюшылық, қатаңдық, зейін, өзіндік талап қою, ерік күші мен педагогикалық такт сияқты [2, 293-б.] қасиеттермен сипаттайды.

Педагог тұлғасын зерттеуге арналған психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде оқытушының кәсіби қасиеттері мен сапалары кеңінен қарастырылған. Қазақ және ресейлік ғалымдардың еңбектерінде педагогтың тұлғалық-кәсіби қасиеттері бойынша түрлі мәселелер қаралып,

оның маңыздылығы атап өтілген. Осы салада тұлғалық және кәсіби қасиеттер моделдері Ж. Ы. Намазбаева, З. Ш. Каракулова, Н. С. Ахтаева, А. К. Маркова, Л. М. Митина, Н. Ф. Талызина, Т. К. Есарева сияқты ғалымдардың зерттеулерінде айқындалған.

Сонымен қатар, оқытушының өзіндік санасы мен эмоциялық жағдайын зерттеген И. В. Вачков, Л. М. Митина, Э. Ф. Зеер, Г. А. Карпова, А. К. Бейсенбаева және З. Б. Мадалиева сияқты ғалымдарды атап өтуге болады. Ф. Н. Гоноболин, Н. В. Кузьмина, В. А. Крутецкий сияқты зерттеушілер өз еңбектерінде педагогикалық қабілеттерді талқылаған, оқытушының кәсіби шеберлігі мен педагогикалық тактысы (И. В. Страхов) жан-жақты қарастырылған.

Ал А. К. Маркова, Б. С. Тілеубаева, К. Т. Жансүгірова педагогтың кіріктірілген сапаларын, ал Н. В. Кузьмина, И. Ф. Исаев, М. В. Семенова, А. Р. Тұрғанбаева, Г. К. Қалтаева, Б. Ж. Нұрбеков, Г. У. Сыздықбаева, М. С. Сапиева, Г. К. Құлжанбекова, М. А. Ғалымжанова, Г. И. Мұратова сияқты ғалымдар оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін зерттеген. Педагогикалық шеберлік пен шығармашылық, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу және дамыту мәселелері де бірқатар зерттеулердің негізгі тақырыбы болып табылады. Бұл бағытта Т. Ш. Маханова, Б. Г. Ананьев, Ю. К. Бабанский, Е. М. Павлютенков және басқа ғалымдар өз үлестерін қосқан.

Қазіргі таңда тұлғаға бағдарланған білім беру концепциясы, тұлғаның өз өмірін басқару және саналы мақсаттарға жету үшін қажетті қасиеттерді дамытуға бағытталған. Бұл әдіс тек тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастырумен шектелмей, білім беру үдерісінде тұлғалық әрекеттердің дамуына және олардың ашылуына жағдай жасауды да талап етеді. Тұлғалық іс-әрекеттердің негізгі аспектілері мыналар: уәж, орта құру, қайшылықтарды көру, сыншылдық, рефлексия, шығармашылық, бағдар, автономдылық пен ішкі тұрақтылық, шығармашылық жаңғырту, өзін-өзі белсендіру және тұлғалық талаптардың руханилық деңгейімен сәйкестенуі. Білім беру үдерісіндегі осы іс-әрекеттердің тұтастығы мен үйлесімділігі, тұлғалық деңгейде өзіндік қызметтердің жүзеге асуын көрсетеді [3, 11–13 б.].

Педагогика ғылымында оқытушының тұлғасын айқындауда және оның құрылымын түсіндіруде типологиялық тәсіл кеңінен қолданылады. Мұндай тәсілдің негізгі мазмұны – жүзеге асырылған бірнеше эмпирикалық зерттеулерді жүйеге келтіру негізінде маңызды сұрақтар бойынша жорамал жасау. Педагог тұлғасының кәсіптік бейнесі түрлерін айқындау үшін білім алушыға қатысты бағдарлану деңгейі (В. Н. Сорока-Росинский), педагогтың «пән оқытушы» немесе «тәрбиелеуші» түрлеріне бет бұруы (Н. А. Тарасова) маңызды. Білім беру үдерісіне қатысушылар педагогикалық процестегі басқа

тараптармен өзара әрекеттесіп, олардың еңбегін ескере отырып, білім алушыға қатысты тұтас көзқарасты басшылыққа алады (Г. С. Абрамова). Г. С. Абрамова бойынша, педагогикада оқытушының үш типі ажыратылады: олардың бірінші типі білім алушыны педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудың құралы ретінде қабылдайтын болса, екінші типтегі педагог білім алушыны өз қызметінің қажетті шарты ретінде қарастырады. Ал үшінші тип өкілдері білім алушыны кәсіби қызметінің негізгі мақсаты деп бағалайды. В. И. Карикаш педагог тұлғасын типологиялау барысында қарым-қатынас жасау тәсілін негізгі өлшем ретінде қарастыруды ұсынады. Осы тұрғыдан В. И. Карикаш педагог мамандарға сәйкес келетін бес өзара қатынастар типологиясын типін бөліп көрсетеді. Ол типологияға тұлғалық-іскер, таңдамалы-іскер, ресми-іскер, дифференциацияланбаған «симбиоз» және «аралас қосынды» сияқты түрлері жатады [4].

Бұл жағдайларда зерттеушілер білім беру субъектілерін түрлендіруде педагог тұлғасының нақты бір қасиетіне назар аудармайды, керісінше негіздеме ретінде тип бойынша тұлғаның жалпыға тән көрсеткіштерімен байланыстарын басшылыққа алады. Егер тұлғаның жалпы сипаттамалық көрсеткішінің біріне қарым-қатынас жасау стилі қолданылса, білім алу процесіне қатысушылармен қамтамасыз етілетін өзара байланыстар қамтылады.. Педагогтың кәсіптік тұрғыдан типтерге бөлінуін қарастырғанда білім алушы субъектілерді назарға алу керек, өйткені, бұл жағдай «педагог-оқушы» аясындағы байланыстарды ескерусіз қалдыруы мүмкін.

Педагогтың тұлға ретінде құрылымын айқындауда ғалымдардың басқа бөлігі оның жалпыланған құрылымын немесе сипаттамасын жасау керектігін білдіреді. Зерттеуші-ғалым А. И. Щербаков педагогтардың жанжақтылық, білімділік, ғылыми әлеует, жоғары тәрбиелілік және кәсібилік сияқты маңызды көрсеткіштердің иесі болуы керек деп таниды [5]. Мұғалім, В. А. Сластениннің пікірінше, жай ғана қасиеттер мен сипаттамалар жиынтығы емес, сәйкесінше педагогтың қоғамдық, кәсіби-педагогикалық және танымдық бағыттарын көрсететін тұжырымдық өрісі бар біртұтас құрылым, ал профессиограмма педагогтың бұл бағдарларын анықтайтын арнайы қасиеттер мен сипаттарды көрсетеді [6, 80–88 б.].

Ғалым-зертетушілер А. К. Маркова және Л. М. Митина мұғалім тұлғасының педагогикалық қызмет пен педагогикалық қарым-қатынас жасау кезінде дамуының айрықша белгілерін қарастыру керектігін білдіреді. Мұны қарастыру білім беру субъектілерінің тұлғалық сипаттамаларына өзіндік талаптар айқындайды және оның педагогикалық ұстанған жолын меңзейді [4, 20–24-б.].

Бірқатар педагогикалық әдебиеттерде педагог тұлғасының моделі келтіріледі. Атап айтқанда, Н.С.Ахтаеваның ғылыми еңбегінде 1986 жылы IX Халықаралық педагогикалық конгресс аясында бельгиялық зертетуші-ғалымдармен жоғары мектеп оқытушысының моделін айқындаған, ол негізгі 3 блоктан тұрады:

1. Оқытушыға тұлға ретінде қойылатын талаптар;
2. Оқытушыға маман ретінде қойылатын талаптар;
3. Оқытушыға кәсіби шебер ретінде қойылатын талаптар.

Британдық зерттеуші-ғалым М.Розенберг оқытушының кәсіби қызмет түріне байланысты оған қатысты талаптарды 9 бағыттарға бөліп көрсетеді:

1. Студенттің мұқтаждығын айқындау;
2. Өзінің іс-әрекетін, бағыт-бағдарын ұтымды бағалау;
3. Оқыту бағдарламасы мен құралдарын өңдей білу;
4. Кәсіби тұрғыдан шеберлік таныту;
5. Кеңес алу және өзгелерге консультация бере алу;
6. Коммуникация жасауға қабілетті болу;
7. Ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу;
8. Кәсіби шеберлігін арттыруға тырысу [7, 4-б.].

Көптеген шетелдік және ТМД елдерінің жоғары білім беру саласының зерттеушілері жоғары оқу орындарының профессор-оқытушыларына қойылатын ортақ талаптар ретінде мыналарды көрсетеді:

– жоғары кәсіби құзыреттілік;
– педагогикалық құзыреттердің қалыптасуы;
– әлеуметтік-экономикалық құзыреттер;
– коммуникативтік дағдылар;
– кәсіби және жалпы мәдениеттің жеткілікті деңгейде болуы [8, 29-37-б.].

Еуропалық кеңес құжаттарында оқытушылардың орнықтылық концепциясына қатысты бес негізгі талаптар топтамасын ескеру керектігі атап өтіледі [9, 25-б.]:

– әлеуметтік – шешім қабылдау үдерісінде жеке жауапкершілік алумен байланысты саяси әрі әлеуметтік құзыреттерді қамтиды;

– көп мәдениеттілік – көпмәдени ортада өмір сүруге қажетті, соның ішінде толеранттылық сияқты құзыреттерді білдіреді;

– тілдік – бірнеше тілде сөйлеу, сауатты тілдік қатынас, өзара түсіністік пен коммуникабельділікті меңгеруді көздейді;

– ақпараттық – ақпараттық технологияларды қолдану, бұқаралық ақпарат құралдарын сыни бағалау дағдыларын қамтиды;

– ілеспелі – өмір бойы білім алуға дайындық пен ұмтылысты, кәсіби және тұлғалық тұрақтылықты үздіксіз дамытуға бағытталған қабілеттерді қамтиды.

Зерттеушілердің еңбектерін талдй келе, біз құзреттілікті кәсіби біліктілікті артыру үшін бір нәрсені жасап үйрену емес, кең мағынасында алғанда, түрлі жағдайлардағы қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік беретін сапалардың жиынтығы деген қорытындыға келеміз [9, 24-б.]

Қазақстан Республикасының білім саласындағы құзыретті ведомство (Министрлік) ұсынған материалдарда, жаңа формация педагогының образын студенттердің көзқарасы тұрғысынан айқындау мақсатында 8 педагогикалық жоғары оқу орнында және педагогикалық мамандықтары бар аймақтық университеттерде кездейсоқ таңдалған 18 700 студент арасында сауалнама жүргізілгені көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері бойынша жауап бергендердің 58 %-ы педагог үшін формалды емес қарым-қатынас орната білу, тәрбиеленушілермен өзара әрекеттесуді реттеу және оны құрастыру қабілеттерін маңызды деп атап өткен [10, 5б.]. Abai University (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) жанындағы Психологиялық ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары кәсіби білікті мамандарды дайындау мен оқытушыларға қажетті тұлғалық қасиеттерді айқындау мақсатында сауалнама жүргізген. Зерттеу университеттің 330 студенті мен 314 оқытушысын қамтыған. Студенттердің жауаптарына сәйкес, олар оқытушыға тән кәсібилік, қарым-қатынас жасау дағдылары, адалдық, позитивті көзқарас, оқу материалын түсінікті жеткізу қабілеті, шынайылық, мейірімділік және ұқыптылық сияқты қасиеттерді атап өткен. Ал «Қазіргі мамандарға қажет кәсіби-тұлғалық сапалар» сұрағына қатысты оқытушылар тарапынан меңгерілген білімді практикада қолдануға басымдық беретін стереотипті көзқарастың бар екені байқалды. Оқытушылардың пікірлерімен салыстыру барысында студенттер мақсатқа бағытталу, топтық жұмыс жасай білу, сонымен қатар кәсіби маман үшін адамдармен тиімді коммуникация орнату қабілеті аса маңызды екендігін ерекше көрсеткен [11, 37-44б.].

«Студенттердің сүйіспеншілігі мен құрметіне ие болу үшін педагогта қандай қасиеттер болуы қажет?» деген сауалға М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің 1–2 курс студенттері жауап бере отырып, ең алдымен сыйластық таныта білу, өз пәнін терең меңгеру, үйретуге құлшыныс таныту, білім алушылардың қызығушылығын оята алу, кәсіби функцияларын үлкен жауапкершілікпен атқару, тәрбиелілік, сыпайылық және педагогикалық шеберлік, т.б. белгілерді көрсеткен [12].

Ал Э. А. Орынбасарованың жоғары оқу орындары профессор-оқытушылар құрамының [13, 110–114-б.] эмоционалды-ерік сипаттамаларын эксперименттік зерттеу кезінде (n=29) 55 % орташа агрессивтілік, 6 % агрессивтіліктің жоғары деңгейі, 86 % шектен тыс тұйықтық қасиеттерін таныған. Аталмыш жағдай мінез-құлықта агрессия мүлдем жоқ дегенді білдірмейді, керісінше зерттеушінің пікірінше, оқытушылар тарапынан студенттерді шамадан тыс тежеп отыру байқалатынын көрсетеді. Оқытушылардың психологиялық дайындығының маңызды бөлігі болып табылатын эмпатия деңгейін анықтау нәтижелері (n=26) олардың 96%-ында эмпатия көрсеткіші төмен, ал тек 4 пайызында ғана орташа деңгейде болған. Бұл анықталған нәтиже Abai University Психология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен жасалған эксперименттік жұмыстары нәтижесінің көрсеткіштерінде қайталанады.

Бұдан басқа зерттеушілермен (Ж. И. Намазбаева, Г. Б. Ниетбаева, К. Т. Куанжанова, Н. Л. Нагибина, 2013ж.) жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде оқытушылардың қарым-қатынас стилі студенттердің психологиялық денсаулығына әсер ететіні дәлелденген [14, 1299–1303-б.]; [11, 110–114-б.]

Қазақстандық ғалымдар Ж. И. Намазбаева, З. Ш. Каракулова және Н. С. Лавриненко осы заманғы жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамына сәйкес келетін тұлғалық-кәсіптік қасиеттердің айрықша белгілерін анықтауға бағытталған теориялық және практикалық зерттеулердің нәтижелерін басшылыққа ала отырып, тұлғалық кәсіби қалыптасудың төмендегідей стратегиялық үлгісін негізге алған (Сурет 1):

– құндылық-адамгершілік: кәсіби және кәсіби емес құндылықтардың өзара байланыстылығы; кәсіби қызмет пен өмір сүру образының үйлесімдігі; аталмыш құндылықтарды терең түсіну деңгейі: мейірімділік, ұқыптылық, жауапкершілік, шынайылық, тиянақтылық, өзін-өзі критикалық бағалауы.

– эстетикалық: эстетикалық талғамдылығы, нақты эстетикалық дарындар (музыка, әдебиет, моторлы қабілет, т.б.).

– коммуникативті қасиеттер: ұйымдастыру мүмкіндіктері, көшбасшылық қабілеті; коммуникативтік дағдылар, сөйлеу – ішкі, сыртқы, вербалды, вербалсыз, ауызша, жазбаша, дауыстың тембрі, ырғағы; коммуникативті такт және тәрбиелілігі, әзілқойлық сезімі.

– уәж: кәсіби бағытта қызығушылығы мен икемділігі, мотивтердің біртектілігі мен олардың бір-біріне сәйкес келуі.

– тұлғаның эмоционалды-еріктік қасиеттері: эмоционалдылық, тұрақтылық, шыдамдылық, стреске төзімділік.



1-сурет – ЖОО оқытушыларының кәсіби-тұлғалық сипаттамалары

Ұсынылған үлгінің басты өзегі болып ұлттық менталитет, мәдени әдет-ғұрып, тіл мен тарих табылады. Мұндай тәсіл бұл модельдің жас ұрпақты рухани және адамгершілік тұрғыдан дамытуға бағытталғанын айқын көрсетеді. Сонымен қатар оқытушы тұлғасының әлеуметтік белсенділігі тәрбиелік және ұйымдастырушылық қызметті жүзеге асыру үшін әлеуметтік маңызы жоғары біліктерді игеруді қажет етеді.

Н. С. Ахтаева өз зерттеуінде магистранттар көзқарасы негізінде контент-талдау әдісін қолдана отырып төрт негізгі факторды қамтитын «21 ғасыр оқытушысының үлгісін» ұсынған. Бұл факторлар: қазіргі оқытушының кәсіби сапалары, тұлғалық қасиеттері, қабілеттері және оның атқаратын қызметтері.

Қазіргі оқытушының кәсіби қасиеттеріне өз қызметіне шығармашылықпен қарау, жаңашылдыққа ұмтылыс, кәсіптік тұрғыдан ұдайы даму, өз бетінше білім алу және өзін-өзі дамыту, педагогикалық шеберлік, икемділік пен көпқырлылық, эрудиция, білім алушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру, жекелік тұрғыды ұстану, студенттің қызығушылығын және мотивациясын ынталандыру сияқты қасиеттер жатады.

Жоғары оқу орындарының оқытушысының тұлғалық қасиеттері болып оның еңбек сүйгіштігі, жоғары жауапкершілігі, әдепті болуы, объективтілік, ұстанымдылығы, ұйымдастырушылық қабілеті, тәрбиелілігі, шыдамдылығы, гуманистігі, білім алушыларға сүйспеншілігі, өнегелілігі, ұқыптылығы, адалдығы, оптимистік көзқарасы, мейірімдігі, әзілдей білуі, достығы, демократиялық позициясы, талапшылдығы, өзін-өзі бақылау және реттей алуы, сыни ойлауы, өзін-өзі талдау, бедел, харизма, жағымды имидж және эмпатиялығы атап көрсетіледі.

Қазіргі оқытушының қабілеттеріне көшбасшылық әлеует, өзгелерді соңынан ерте білу, суггестивтілік, коммуникативтік және шешендік қабілеттер, ұйымдастырушылық дағдылар жатады.

Ал оқытушының кәсіби қызметтері білім беру, оқу процесін ұйымдастыру және оны іске асыру, түзету іс-әрекеттері, тұрмыстағы тәжірибені ғылыми тәжірибемен байланыстыра білуі, сонымен қатар білім алушы тұлғасын қалыптастыру және дамыту міндеттерін қамтиды [7, 178–179-б.].

Осылайша, оқытушы студенттің қоршаған ортадағы жеке «Менін» саналы түрде түсінуіне ықпал ететін тұлға ретінде көрініс табады. Ол тек дайын білімді жеткізумен шектелмей, тәрбиеленушілерімен бірлесе талқылап, ой бөлісіп, күмәнді сұрақтарға жауап іздеу арқылы шынайы білімге қол жеткізеді. Мұндай үдерісте оқытушының кәсіби-тұлғалық қасиеттерін дамыту айрықша маңызды рөл атқарады [8, 29–37-б.].

Жүргізілген зерттеулерді талдау жоғары оқу орны оқытушыларына қойылатын сипаттамалар мен қасиеттердің масштабы ауқымды екендігін танытады.

Мәселен, Т. Н. Попова [15, 40-б.] ғылыми еңбектерге талдау жүргізіп зерттеушілердің педагогтардың кәсіби мәнді қасиеттерін Ю.К.Бабанский − 13, С. П. Барабанов – 18, Т. И. Ильин – 17, Г. Нойнер – 4, И. Ф.Х арламов – 9, Г. И. Щукина – 7-ге топқа бөліп қарастырғанын көрсетеді. Ол оқытушының кәсіби-тұлғалық қасиеттерін бөліп көрсетудің негізгі үш себебін айқындайды:

1) Кәсіптік тұрғыдан өзекті қасиеттердің жеткілікті зерттелмеуі және «кәсіби маңызды білім» мен «біліктілік» терминдері мәнінің ауқымының нақты анықталмауы;

2) кәсіби маңызды қасиеттерді білдіретін айқын құрылымдық негіздеменің болмауы;

3) оқыту, бейімделу және кәсіптік өзін-өзі дамыту үшін іріктелген кәсіби маңызды қасиеттер мен олардың мазмұнын негіздеудің жетіспеушілігі.

Нәтижелер мен талқылау

Эксперименттік зерттеу жұмысының мақсаты – білім беру субъектілері тұрғысынан ЖОО оқытушыларының тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің ерекшеліктерін анықтау. Зерттеуге жұмыс өтілі 0–7 жылды құрайтын ЖОО оқытушылары (50 оқытушы) және әр курстан (1 курс –12, 2 курс – 17, 3 курс – 9 және 4-куртан 19) барлығы 50 студент қатысты.

Мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер қойылды: Білім алушылар мен жоғары оқу орны оқытушыларының өзара қарым-қатынасында байқалатын тұлғалық-кәсіби қасиеттерін бағалауға арналған 11 сұрақтан құралған сауалнама әзірленді.

Сауалнаманың бірінші сұрағы бойынша «Оқытушылардың білім беру үдерісіндегі қызметін анықтау» бойынша нұсқалар берілген.

1-кесте – Оқытушылардың негізгі функциялары

Білім беру процесіндегі оқытушы:	Оқытушы	Білім алушы
Қарым-қатынаста эмоционалды оңтайлы орта қалыптастыру керек	15 %	40 %
Студенттің сұрақ қоюына мүмкіндік беру керек	13 %	9 %
Еркін өз ойын білдіруге мүмкіндік жасау қажет	22 %	30 %
Студенттің белсенділігін тудыру, қызығушылығын арттыру керек	50 %	21 %
Ескерту: авторлармен құрастырылған		

1-кестедегі деректер оқытушылар мен студенттердің пікірлері арасында белгілі бір қарама-қайшылық бар екенін көрсетеді. Оқытушылардың жартысы (50 %) студенттердің белсенділігін және қызығушылығын арттыру қажет деп есептейтінін білдірген. Бұл олардың қазіргі кредиттік технология талаптарынан хабардар екенін аңғартады. Ал студенттердің 40 %-ы оқытушылардан қарым-қатынаста эмоционалды қолайлы орта қалыптастыруды, яғни өзара қатынастың үйлесімді болуын қалағанын көрсетті. Шынында да, педагог пен білім алушы арасындағы жағымды әрі үйлесімді өзара әрекеттестік сенімге негізделген қарым-қатынасты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Екінші сұрақ «Менің ойымша, оқытушыларға қажет қасиеттер» бойынша оқытушылар білімділік, теорияны практикамен байланыстыра білу, қабілеттілік, адалдық, жауапкершілік және толеранттылық секілді қасиеттерді негізгі орынға қойған. Ал студенттер мұғалімдер тарапынан кемшіліктерді түсіне білу, эмпатия таныту, сондай-ақ өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытуға қолдау көрсету қабілеттерін күтетіні анықталды.

Үшінші сұрақта оқытушылардың студенттермен өзара қарым-қатынаста көрінетін тұлғалық ерекшеліктерін бағалау мақсатында өзіндік белсенділігі жоғары тұлғаны сипаттайтын қасиеттер тізімі беріліп, олардың өзара әрекеттестік барысындағы маңыздылығын бағалау ұсынылған. Аталған сауалнамаға берілген жауаптар оқытушылар мен білім алушылардың пікірлеріне сәйкес төмендегідей нәтижелерді көрсетеді (Кесте 2).

Алынған мәліметтерді талдай отырып, студенттер оқытушылардың сыйлауы, қамқор болу, жауапкершілік, шыдамдылық, түсіне алмау қабілеттерін кейде байқататындарын атады. Әсіресе, қарым-қатынаста

эмоционалдық пен көңіл-күйлерін түсіну деңгейлерінің төмен екендігі анықталды. Бұдан оқытушылардың эмоционалды ригидті екенін байқадық.

5-ші сұрақ бойынша оқытушылардың студенттермен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылысы өзара біріккен іс-әрекеттің табыстылығының көрсеткіштерінің бірі екендігі белгілі. Студенттердің оқытушылармен және оқытушылардың студенттермен қаншалықты өзара қарым-қатынасқа түсуді қалайтындарын анықтау мақсатымен келесі сұрақ құрастырылды:


Білім алушылар үшін оқытушылармен және оқытушылар үшін білім алушылармен өзара байланысқа түсу маған ұнайды: барлығымен – 1, кейбіреуімен — 2, білмеймін – 3, мүлдем ұнамайды – 4 шкала бойынша балл санын көрсету керек (Сурет 2).

Білім алушылардың оқытушылармен өзара байланысқа түсуі 18 % «барлығымен», 51 % «кейбіреуімен», 22 % «білмеймін» және 9 % «мүлдем ұнамайды» десе, оқытушылардың білім алушылармен қарым-қатынасқа 48% «барлығымен», 32 % «кейбіреуімен», 12 % «білмеймін» және 8 % «мүлдем ұнамайды» деп жауап берді. Жуықтап алғанда 10 білім алушының екеуі ғана оқытушылардың барлығымен, бесеуі кейбіреуімен, екеуі білмейді және біреуіне өзара байланыста болу мүлдем ұнамайды екен.

2-Кесте – Білім алушылар мен оқытушылардың бағалауы бойынша педагогтардың өзара қарым-қатынаста көрініс табатын қасиеттері

Қасиеттер	Бағалау							
	4-үнемі, %		3-көбіне, %		2-кейде, %		1-ешқашан, %	
	Оқытушы	Студент	Оқытушы	Студент	Оқытушы	Студент	Оқытушы	Студент
Сыйластық сезімі	76	33	15	49	9	10	-	8
Шыдамды	47	18	8	39	5	31	-	12
Сыпайы	46	30	37	59	17	11	-	-
Жауапкершілікті	42	16	49	42	9	33	-	9
Толерантты	64	7	32	43	4	45	-	5
Адал	60	13	36	55	4	32	-	-
Эмоционалды	37	7	44	33	19	40	-	20
Белсенді	34	11	50	42	16	36	-	11
Сабырлы	33	31	56	46	11	20	-	3
Көңіліме (көңіліне) ортақтасады	31	11	49	22	10	50	-	17

Түсіне алу қабілеті бар	33	22	56	38	11	31	-	9
Қамқор болу	31	10	45	48	24	32	-	10



2-Сурет – Оқытушылар мен студенттердің өзара қарым-қатынасқа түсу ерекшеліктері

6-шы сұрақ бойынша оқыту үдерісінде оқытушылардың студенттермен қарым-қатынасы аса маңызды рөл атқарады, өйткені бұл қарым-қатынас эмоционалды оңтайлы орта құруда үлкен әсер етеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқытушылар білім беру үдерісінде субъектілер арасында сенімді және ашық қарым-қатынасты орнатудың маңыздылығын саналы түрде түсінеді, алайда студенттердің пікірлерінен оқытушылардың көбінесе студенттің тұлғасына емес, пәннің мазмұнына бағытталатыны көрсетіледі. Бұл жағдай профессор Н.С. Ахтаева (2008) жүргізген эксперименттік зерттеу нәтижелеріне толық сай келеді, ол зерттеуде ЖОО оқытушыларының жасы өскен сайын олардың студенттердің тұлғалық дамуына емес, пәндік білім беру іс-әрекетіне басымдық беретіндігін көрсеткен. Студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынасты бағалау барысында туындайтын қайшылықтар оқытушылардың өзіндік санасы мен өзін-өзі түсіну деңгейінің төмендігін көрсетеді. Бұл факті, бір жағынан, оқытушылардың қоғам талаптарын орындауға деген сенімінің жоғары екендігін, екінші жағынан, кәсіби іс-әрекет пен мінез-құлықта кездесетін қателіктері мен кемшіліктерін толық түсінбейтінін көрсетеді. Осыған байланысты оқытушылардың өзін-өзі белсендіруі мен кәсіби тұрғыдан жетілуіне қатысты кедергілердің белгілі бір дәрежеде олардың өзінен туындайтынын байқауға болады.

Кесте 3 – Оқу процесінде педагогтен байқалатын тұлғалық сипатты белгілер

Пікірлер	Бағалау							
	4-үнемі, %		3-көбіне, %		2-кейде, %		1-ешқашан, %	
	Оқытушы	Студент	Оқытушы	Студент	Оқытушы	Студент	Оқытушы	Студент
Студентті тұлға деп қабылдайды	33	14	57	28	10	51	-	7
Студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға көңіл аударады	29	13	56	32	15	33	-	22
Студенттердің бейімделуіне көмектеседі	40	33	22	12	38	43	-	12
Студенттердің болашағына қызығушылық танытады	23	15	72	36	15	30	-	19
Студенттің әлсіз, күшті жақтарын тануға мүмкіндік береді	16	8	44	34	31	45	9	13
Оқытушы мен студент арасында өзара түсіністік орнатылған	23	11	54	43	23	42	-	4

Зерттеу нәтижелері бойынша, студенттердің 70 %-ы оқытушылардың субъективті қарым-қатынас жасап, авторитарлық стильді ұстанатындығын білдірсе, ал оқытушылардың 90 %-ы демократиялық стильді таңдағандарын атап өтті. Сабақ барысында оқытушының көңіл-күйіне байланысты жағдайды тудыратындығы студенттердің 60 %-ы, ал оқытушылар жағымды әрі позитивті көңіл-күйді қалыптастыруға тырысатынын көрсетті. Оқытушылар студенттің жағымсыз әрекеттеріне қатысты дауыс көтеру, аудиториядан шығару, ескерту жасау және жекеше сөйлесу сияқты тәсілдерді қолданатындығын студенттер атап өтті.

Тұлғалық-кәсіби дамуға қатысты студенттердің 9 % кітап оқимын, 5 % тренингтерге қатысамын, 22 % өздерін жетілген тұлға ретінде санайтындығын айтты. Ал қалғандары тұлғалық даму үшін ешқандай әрекет жасамайтындарын жасырмады. Оқытушылардың 66 % және студенттердің 56 % уақыттың тапшылығы себепті тұлғалық-кәсіби дамуға жеткілікті көңіл бөлмейтіндігін көрсетті. Тұлғалық-кәсіби даму қызықтырмайтындардың саны да байқалды. Алайда, 4-ші курс студенттері оқытушылардың тұлғалық өсу бойынша қызығушылықтарын қалыптастыру мен кітаптар ұсынғанын

атап өткен. Бұл жағдай оқытушылардың тұлғалық-кәсіби дамуға деген ықпалын айқындайды.

Бұдан әрі, оқытушылардың тек 11 %-ы кітап оқып, 6 %-ы ғана тренингтерге қатысатыны олардың кәсіби дамуына қатысты жеткіліксіз ұстанымдарын көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, оқытушылардың тұлғалық және кәсіби дамуында көптеген мәселелердің бар екендігін байқатады, сондықтан бұл жағдай білім беру үдерісінің тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Қорытынды

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері оқытушылардың студенттермен өзара әрекеттесу барысында эмоционалдық ригидтілік танытатынын әрі тұлғалық-кәсіби даму бағытында өзін-өзі белсендіру деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Қарым-қатынас барысында өзара түсіністік пен мінез-құлықты тану қабілеттерінің төмендігі байқалады. Студенттер оқытушылардан эмоциялық тұрақтылық, эмпатия және шыдамдылық сияқты қасиеттерді толық сезінбейді. Аталған жағдайлардың негізінде, оқытушылардың көп жағдайда бейсаналы түрде қалыптасқан таптаурындарды студенттерге беріп, олардың тұлғалық дамуына теріс әсер етуі ықтимал екендігі көрінеді. Сонымен қатар, оқытушылардың тұлғалық даму қажеттілігін түсінбей, өзіндік дамуға ұмтылмауы, білім беру үдерісіндегі кемшіліктердің бірі ретінде анықталды. К. Г. Юнгтің сөзіне сүйене отырып: «Тұлға ретінде қалыптасқан тәрбиеші ғана баланың бойындағы тұлғалық өзін-өзі белсендендірудің негізгі факторы, яғни ата-ана, мұғалім болып саналады. Тұлғалығы қалыптаспаған адам баланы тұлға ретінде тәрбиелеуі мүмкін емес» деген пікірі оқытушының тұлғалық және кәсіби даму деңгейінің студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуына тікелей әсер ететіндігін көрсетеді. Осылайша, оқытушының тұлғалық қасиеттері мен кәсіби шеберлігі жеткілікті дамымаған жағдайда, ол студенттердің өзіне деген сенімділігін, эмоционалдық және кәсіби өсуін тежейді.

Оқытушылардың тұлғалық және кәсіби дамуына қажетті жағдайлар мен құралдарды қамтамасыз ету, оларды үнемі дамыту мен өзін-өзі белсендіруге ынталандыру білім беру үдерісінің тиімділігін арттырып, студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуына оң әсерін тигізеді. Осы орайда, білім беру жүйесіндегі оқытушылардың рөлі мен олардың даму деңгейі маңызды фактор болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Көшербаева, Ә. Н.** Әлемдік педагогикалық ой-сана. – Алматы : «Таймас», 2008. – Том 1. – 400-б.

2 **Артемьев, А. И.** Педагогиканың қысқаша тарихы. – Алматы : «Бастау», 2013. – 340-б.

3 **Намазбаева, Ж. И**. К вопросу о личностно-ориентированном подходе в образовании // Хабаршы. «Психология» сериясы. – 2010 - №1(10). – С. 11.

4 **Маркова, А. К.** Психология труда учителя: книга для учителя. – М. : Просвещение, 1993. – 192 с.

5 **Столяренко, Л. Д.** Педагогическая психология. Серия «Учебники, учебные пособия». − Ростов н/Д. : Феникс, 2000. –544 с.

6 **Сластенин, В. А., Исаев, И. Ф., Шиянов, Е. Н.** Педагогика: учеб. пособие для студ. вузов. – М. : Издательский центр «Академия», 2002. – 576 с.

7 **Ахтаева, Н. С.** Системно-психологическая подготовка современного преподавателя вуза: дис. ... док. психол. наук. – Алматы, 2009. – 270 с.

8 **Қуанжанова, Қ. Т.** Оқытушылардың іс-әрекетіндегі тұлғалық-кәсіби қасиеттердің ролі // Хабаршы. «Психология» сериясы. – 2014. – № 4(41). – Б. 29–37.

9 **Ермаганбетов, М. Е., Аганина, К. Ж., Манкеш, А. Е., Қуанжанова, Қ. Т. және т.б.** Интеграцияланған пән мұғалімдерін дайындау: оқу-әдістемелік құралы. –Алматы : «Ұлағат», 2013. – 112-б.

10 **Сарыбеков, М. Н.** Модернизация высшего педагогического образования в РК. Доклад Вице-министра образования и науки РК на 1 Съезде учителей. Работников образования государств-участников СНГ // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – Астана, 2010, апрель 26–27. – № 27. – 171 с.

11 **Намазбаева, Ж. И., Каракулова, З. Ш., Лавриненко, Н. С.** Личностно-профессиональное развитие личности преподавателя в современного вуза: учебное пособие. – Алматы : КазНПУ имени Абая, 2010. − 90 с.

12 **Курманалиева, Э. Т.** Личность преподавателя вуза как фактор формирования общекультурных и профессиональных компетенций будущих специалистов. – Тараз, 2009. – С. 10–12.

13 **Урунбасарова, Э. А.** Эмоционально-волевая сфера личности как важный фактор готовности ппс к профессиональной деятельности // «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайындағы ғылыми-педагогикалық әлеуетті дайындаудың өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-эксперименттік конференция материалдары. – Алматы, 2012. – 341 с.

14 **Namazbaeva, Zh. I., Niyetbayeva, G. B., Kuanzhanova, K. T., Nagibina, N. L.** Communication Style of Teachers and Psychological Health of Students // Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. – № 14 (10). – P. 1299–1303.

15 **Попова, Т. Н.** Условия формирования профессионально важных качеств у будущих учителей: На материале изучения иностранных языков: дис. … канд. пед. наук. – Саратов, 2001. – 230 с.

References

1 **Kösherbayeva, A. N.** World Pedagogical Thought: 10 Volumes. Ancient Times / Headed by. – Almaty : «Taymas», 2008. – Vol. 1. – 400 p.

2 **Artemyev, A. I.** A Brief History of Pedagogy (From the Beginnings to the Present Day). – Almaty, 2013. – 340 p.

3 **Namazbayeva, Zh. I.** On the Question of the Person-Centered Approach in Education // Bulletin. «Psychology» Series. – 2010. – №1(10). – P. 11.

4 **Markova, A. K.** Psychology of Teacher's Work: A Book for Teachers. – Moscow : Prosveshchenie, 1993. – 192 p.

5 **Stolyarenko, L. D.** Pedagogical Psychology. Series «Textbooks and Teaching Aids». – Rostov-on-Don : Feniks, 2000. – 544 p.

6 **Slastenin, V. A., Isaev, I. F., Shiyanov, E. N.** Pedagogy : A Textbook for Students of Higher Educational Institutions / Edited by V.A. Slastenin. – Moscow : Publishing Center «Academiya», 2002. – 576 p.

7 **Akhtayeva, N. S.** Systemic-Psychological Preparation of the Modern University Teacher: Ph.D. Dissertation. – Almaty, 2009. – 270 p.

8 **Kuanzhanova, K. T.** The Role of Personal and Professional Qualities in the Activities of Teachers // Bulletin. «Psychology» Series. – Almaty : Abai Kaz NPU, «Ulagat» Publishing House, 2014. – № 4(41). – P. 29–37.

9 **Ermaganbetov, M. E., Aganina, K. Z., Mankesh, A. E., Kuanzhanova, K. T., et al.** Preparing Integrated Subject Teachers: A Teaching and Methodological Guide. – Almaty: «Ulagat» Publishing House, 2013. – 112 p.

10 **Sarybekov, M. N.** Modernization of Higher Pedagogical Education in the Republic of Kazakhstan. Report of the Vice-Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan at the 1st Congress of Teachers and Education Workers of the CIS Member States // Reports of the Kazakh Academy of Education. – Astana, 2010, April 26-27. – № 27. – 171 p.

11 **Namazbayeva, Zh. I., Karakulova, Z. Sh., Lavrinenko, N. S.** Personal and Professional Development of a University Teacher in Modern Times: A Teaching Guide. – Almaty : Kaz NPU named after Abai, 2010. – 90 p.

12 **Kurmanalieva, E. T.** The Teacher's Personality as a Factor in Shaping the General Cultural and Professional Competencies of Future Specialists. – Taraz, 2009. – P. 10–12.

13 **Urunbasarova, E. A**. The Emotional-Volitional Sphere of the Personality as an Important Factor in the Readiness of Faculty for Professional Activity // Materials of the International Scientific-Experimental Conference «Current Issues of Preparing Scientific-Pedagogical Potential in Postgraduate Education». – Almaty, 2012. – 341 p.

14 **Namazbaeva, Zh. I., Niyetbayeva, G. B., Kuanzhanova, K. T., Nagibina, N. L.** Communication Style of Teachers and Psychological Health of Students // Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. – № 14 (10). – P. 1299–1303.

15 **Popova, T. N.** Conditions for the Formation of Professionally Important Qualities in Future Teachers: Based on the Study of Foreign Languages: Ph.D. Dissertation. – Saratov, 2001. – 230 p.

21.11.25 ж. баспаға түсті.
23.01.26 ж. түзетулерімен түсті.
18.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

**К. Т. Куанжанова[1], А. К. Тогайбаева[2], Д. Ж. Рамазанова[3], Г. Е. Елеусинова[4], М. Н. Есенғұлова[5]*
[1,2,3,4,5]Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, г. Актобе.
Поступило в редакцию 21.11.25.
Поступило с исправлениями 23.01.26.
Принято в печать 18.02.26.

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ОБРАЗ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Данная статья посвящена анализу профессионального образа преподавателя в системе высшего образования. Образовательный процесс представляет собой не только передачу знаний и информации, но и сложный многогранный процесс, оказывающий глубокое влияние на личностное и профессиональное развитие студентов. Основная задача преподавателя заключается не только в передаче предметных знаний, но и в формировании духовно-нравственных ценностей у подрастающего поколения, расширении их мировоззрения и развитии их умственных способностей.

В статье подробно рассматривается влияние профессиональных качеств и мастерства преподавателя на личностное

и профессиональное развитие студентов. Личностные качества преподавателя, его коммуникативные навыки и психологическое состояние напрямую влияют на образовательный процесс. Установление доверительных, открытых, уважительных отношений со студентами, проявление эмоциональной устойчивости — ключевые аспекты работы преподавателя. Результаты анкетирования показали, что студенты ожидают от преподавателей не только профессионального мастерства, но также эмоциональной стабильности, открытости и навыков управления взаимодействием. Эти исследования подчеркивают необходимость повышения уровня личностного и профессионального развития преподавателей.

В заключение особо отмечается важность самореализации и постоянного саморазвития преподавателей в их личностном и профессиональном становлении. Поддержка и мотивация такого развития оказывают влияние на личностный рост студентов и способствуют повышению эффективности образовательного процесса. Таким образом, профессиональный образ преподавателя и его личностные качества являются основой повышения качества образования.

Ключевые слова: образовательная деятельность, субъект образования, личность преподавателя, личностно-профессиональные качества, самопознание, саморазвитие.

**K. Kuanzhanova[1], A. Togaibayeva[2], D. Ramazanova[3],*
G. Yeleussinova[4], M. Yessengulova[5]
[1,2,3,4,5]Aktobe Regional University named after K.Zhubanov,
Republic of Kazakhstan, Aktobe.
Received 21.11.25.
Received in revised form 23.01.26.
Accepted for publication 18.02.26.

PROFESSIONAL IMAGE OF A TEACHER IN THE SYSTEM OF HIGHER EDUCATION

This article is devoted to the analysis of the professional image of a teacher in the system of higher education. The educational process is not only the transmission of knowledge and information but also a complex, multifaceted process that deeply influences the personal and professional development of students. The main task of a teacher is to not

only impart subject knowledge but also to shape the spiritual and moral values of the younger generation, expand their worldview, and develop their intellectual abilities.

The article thoroughly explores the impact of the teacher's professional qualities and expertise on the personal and professional development of students. The personal qualities of the teacher, their communication skills, and psychological state directly affect the educational process. Establishing trusting, open, and respectful relationships with students, demonstrating emotional stability – these are key aspects of the teacher's work. Survey results showed that students expect from their teachers not only professional competence but also emotional stability, openness, and the ability to manage interactions effectively. These findings emphasize the need to enhance the level of personal and professional development of teachers.

In conclusion, the importance of self-realization and continuous self-development for teachers in their personal and professional growth is particularly highlighted. Supporting and motivating such development positively impacts the personal growth of students and contributes to improving the effectiveness of the educational process. Thus, the professional image of a teacher and their personal qualities form the foundation for improving the quality of education.

Keywords: educational activity, subject of education, teacher's personality, personal-professional qualities, self-awareness, self-development.

Теруге 18.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 23.03.2026 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
9,42 Kb RAM
Шартты баспа табағы 42,87
Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева
Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас
Тапсырыс № 4516

Сдано в набор 18.02.2026 г. Подписано в печать 23.03.2026 г.
Электронное издание
9,42 Kb RAM
Усл.п.л. 42,87. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева
Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас
Заказ № 4516

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
8 (7182) 67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz